

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 01 наурыздағы N 308/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 02 сәуірде N 3490 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 20 маусымдағы N 778/3 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 20.06.2013 N 778/3 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңының 9-1 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" N 745 қаулысына сәйкес Павлодар қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызметтің қоса берілген регламенті бекітілсін.

2. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулының белгіленген тәртіпте әділет органдарында тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қаласының әкімі **О. Қайыргелдинов**
Павлодар қаласы әкімдігінің
2013 жылғы 01 наурыздағы
N 308/1 қаулысымен бекітілген

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметтің атауы: "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет).

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушыларға, спортшыларға және спорт төрешілеріне спорттық разрядтары мен біліктіліктерді ресми тану мақсатында көрсетіледі (бұдан әрі - алушылар).

5. "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызметі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 шілдедегі N 981 қаулысымен бекітілген мемлекеттік стандарт негізінде көрсетіледі (бұдан әрі - с т а н д а р т) .

6. Мемлекеттік қызмет "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі " мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - уәкілетті орган), Павлодар облысы, Павлодар қаласы, 1 Май көшесі, 170, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы (бұдан әрі - орталық), Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Павлов көшесі, 48, "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны филиалымен, Кутузов көшесі, 204, Павлодар қалалық бөлімімен, Исенәлиев көшесі, 24, N 1 Павлодар қалалық бөлімімен көрсетіледі.

Қабылдау электрондық кезек тәртібінде жеделдетілген қызмет көрсетусіз
ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Мемлекеттік қызметтің шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметті мобильді орталықтар арқылы көрсетуге жол беріледі.

Мобильді орталықтар құжаттар қабылдауды орталық бекіткен кестеге сәйкес, бірақ бір елді мекенде кемінде алты жұмыс сағаты бойы жүзеге асырады.

7. Мемлекеттік қызмет нәтижесі қағаз жеткізгіште 5 жыл мерзімге спорттық разряд немесе санат беру туралы бұйрықтан үзінді не мемлекеттік көрсетуден бас тарту туралы электрондық құжат нысанындағы дәлелді жауап болып табылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі алушы жүгінген сәттен бастап күнтізбелік 30 күннен аспайды (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте жергілікті атқарушы орган мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға бір күн қалғанда ұсынады);

2) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күтудің жол берілетін ең көп уақыты 20 (жиырма) минуттан аспайды;

3) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің жол берілетін ең көп уақыты 20 (жиырма) минуттан аспайды.

9. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негізі стандарттың 16-тармағында көрсетілген.

10. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды орталықтың қызметкерлерімен жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекет (өзара іс-қимыл) тәртібінің сипаттамасы

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы орталыққа стандарттың 11-тармағында көрсетілген толық құжаттар тізімін ұсынады.

12. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттарды тапсырғаны үшін қолхат беріледі.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында келесі құрылымдық-функционалдық бірліктері әрекет етеді (бұдан әрі - ҚФБ):

1) уәкілетті орган қызметкері;

2) уәкілетті орган комиссиясы;

3) уәкілетті орган бастығы.

14. Осы регламенттің 1-қосымшасында әрбір әкімшілік іс-әрекеттің орындалу мерзімін көрсете отырып, әрбір ҚФБ әкімшілік іс-әрекеттер (рәсімдер) өзара іс-қимыл реттілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы келтірілген.

15. Осы регламенттің 2-қосымшасында іс-әрекеттердің қисынды реттілігі (мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде) мен құрылымдық-функционалды бірліктер арасындағы өзара байланысты көрсететін нобайы ұсынылған.

4. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымдық тұлғалардың жауапкершіліктері

16. Уәкілетті органның лауазымды тұлғалары және орталық қызметкерлері мемлекеттік қызмет көрсету барысында шешім қабылдау және әрекет ету (әрекет етпеу) үшін Қазақстан Республикасы заңнамасында көрсетілген тәртібіне сәйкес жауапкершілікке тартылады.

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет регламентіне 1 қосымша

Құрылымдық-функционалдық бірліктердің (бұдан әрі - ҚФБ) сипаттау әрекеті

Жұмыс әрекеті (жүру, жұмыс ағыны)							
1	Әрекет N (жүру, жұмыс ағыны)	1	2	3	4	5	6
2	ҚФБ атауы	Уәкілетті органның қызметкері	Уәкілетті органның комиссиясы	Уәкілетті органның бастығы	Уәкілетті органның қызметкері	Уәкілетті органның бастығы	Уәкілетті органның қызметкер
					Спорттық разрядтары және санаттарын беру	Спорттық разрядтары және санаттарын беру	Орталыққа спорттық разрядтары және санаттарын беру

3	Іс-әрекеттің атауы (үдерістің ,рәсімнің, операцияның) және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау	Алушымен ұсынылған құжаттарды қарастыру	Спорттық разрядтары және санаттарын беру бұйрықты шығару туралы	бұйрығынан көшірме жобасын дайындау туралы немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап	бұйрығынан көшірме жобасына қол қою туралы немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап	беру бұйрығын көшірме жобасын беру турал немесе мемлекетт қызмет көрсетудеі туралы дәлелді жауап бас тарту
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат , ұйымдастырушылық-өкімдік шешімдер)	Спорттық разрядтары және санаттарын беру туралы құжаттар	Спорттық разрядтары және санаттарын беру туралы немесе спорттық разрядтары және санаттарын беру құжаттарды қарастырудан бас тарту шешімі	Спорттық разрядтары және санаттарын беру туралы бұйрық	Спорттық разрядтары және санаттарын беру бұйрығынан көшірме жобасын дайындау туралы немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап	Спорттық разрядтары және санаттарын беру бұйрығынан көшірме жобасына қол қою туралы немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап	Спорттық разрядтары және санаттарын беру бұйрығын көшірме жобасын беру турал немесе мемлекетт қызмет көрсетудеі бас тарту туралы дәлелді жауап
5	Орындалу мерзімі	20 минут	2 2 күнтізбелік күн	3 күнтізбелік күн	1 күнтізбелік күн	1 күнтізбелік күн	20 минут
6	Келесі әрекет нөмірі	2	3	4	5	6	

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет регламентіне 2 қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінің сызбасы

